

2024 жылдың 1 қаңтарына Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағындағы кәсіподақ мүшелігі және кәсіподақ органдары туралы жиынтық статистикалық есептілікке
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы **584 458** кәсіподақ мүшесі бар **21** мүшелік ұйымды біріктіреді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда **35 280** адамға кем.

Кәсіподақ мүшелерінің жалпы санының азаюы Салалық кәсіподақтың құрамынан Қостанай облысының білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымының (**25 386 адам**), Ұлытау облыстық кәсіподақ ұйымының (**18 085 адам**) шығуына, сонымен қатар оқитын студенттерден тұратын мүшелік базаның қысқаруына (**7 773 адамға қысқарды**) байланысты.

Дегенмен, 2023 жылы Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының құрамына мүшелік ұйымдар ретінде жалпы саны **8 379** адамды құрайтын бірнеше ұйымдар енді:

- «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Алматы облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі;
- «Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі;
- «Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Қарасай аудандық жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі.

2023 жылы жұмыс жасайтын кәсіподақ мүшелерінің саны – **571 681** адамды (2022 жылы – **599 179 адам**) құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда **27 498** адамға кем.

Салада барлығы **8 392** кәсіподақ ұйымы бар кәсіпорындар мен ұйымдар бар.

Кәсіподақ құрамында оқу орындарында оқитындардың (студенттер) саны – **12 760** (2022 жылы – 20 533) адам, әйелдер – **427 727** (2022 жылы – 444 861) адам, 35 жасқа дейінгі кәсіподақ мүшелері – **151 574** (2022 жылы – 147 829) адам.

2023 жылы мотивациялық жұмысын тиімді құрған мүшелік ұйымдар өздерінің жұмыс жасайтын кәсіподақ мүшелерінің санын:

- Түркістан облыстық ұйымы – 2 499 адамға,
- Астана қаласының білім қызметкерлерінің кәсіптік одағы – 2 373 адамға,
- Жетісу облыстық кәсіподақ ұйымы – 1 443 адамға,
- Абай облыстық кәсіподақ ұйымы – 1 111 адамға,
- Қызылорда облыстық ұйымы – 1 008 адамға,
- «Қорғау» Қостанай облыстық ұйымы – 821 адамға,

- Маңғыстау облыстық ұйымы – 853 адамға,
- Ақтөбе облыстық ұйымы – 477 адамға,
- Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жергілікті кәсіптік одағы – 199 адамға,
- А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті қызметкерлері мен оқитындардың бастауыш кәсіподақ ұйымы – 176 адам,
- Атырау облыстық ұйымы – 106 адам,
- Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы – 100 адамға,
- Павлодар облыстық ұйымы – 100 адамға ұлғайтты.

10-нан астам кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақ мүшелерінің **жалпы саны:**

- Қарағанды облыстық ұйымында – 2 266 адамға (**жұмыс жасайтындар саны – 1 413 адамға азайды**),
- Павлодар облыстық ұйымында – 3 088 адамға (**екі жоғары оқу орындарының студенттері**),
- Шымкент қалалық ұйымында – 1 628 адамға (**жұмыс жасайтындар саны – 1 444 адамға азайды**),
- Батыс Қазақстан облыстық ұйымында – 1 056 адамға (**жұмыс жасайтындар саны – 659 адамға азайды**),
- «Ұстаз» Алматы қалалық жергілікті кәсіптік одағында – 534 адамға,
- Жамбыл облыстық ұйымында – 552 адамға,
- Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті студенттерінің бастауыш кәсіподақ ұйымында – 368 адамға,
- Шығыс Қазақстан облыстық ұйымында – 312 адамға,
- Ақмола облыстық ұйымында – 303 адамға (**жұмыс жасайтындар саны – 55 адамға азайды**),
- Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымында – 292 адамға,
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағында – 94 адамға,
- Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымында – 68 адамға,
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымында – 59 адамға азайып отыр.

Қарағанды облыстық ұйымындағы кәсіподақ мүшелерінің айтарлықтай қысқаруы облыс әкімдігі білім басқармасының кейбір лауазымды тұлғаларының өздеріне бағынышты кәсіподақ құру мақсатында кәсіподақ қызметіне араласуынан соң, жыл ішінде қызметкерлердің белгілі бір санының кәсіподақтан шығуына әкеліп соқты.

Павлодар облыстық ұйымында кәсіподақ мүшелерінің санының қысқаруы кәсіподақ мүшелерінің құрамынан студенттік ұйымдардың шығарылуына, яғни «Торайғыров университеті» КеАҚ мен «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ кәсіподақ жарналарының аударылуының тоқтатылуына орай орын алып отыр.

Шымкент қалалық ұйымындағы кәсіподақ мүшелерінің азаюы кейбір мектептердегі қызметкерлер штаты мен кей пәндердегі оқу сағаттарының қысқаруына байланысты.

Шымкент қаласында бірнеше жеке меншік балабақшалар жабылды. Ескі мектептің жабылуына орай қызметкерлер жеке мектепке ауысуға мәжбүр болды.

Олимпиадалық резерв мектебіндегі жаттықтырушылардың жалақыларының төмен болуына және бастауыш ұйымның кәсіподақ мақсаттарына ақша жинаудың қиынға соғуына байланысты барлық қызметкерлер кәсіподақтан шығуға мәжбүр болды.

Жоғары тұрған кәсіподақ органдарының пайдасына жалпы кәсіподақ жарнасының төмен пайызын ұсынуына орай кейбір білім беру ұйымдары басқа кәсіподақтарға ауысуда.

Қалада жеке білім беру ұйымдарының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Аталған мектептердің құрылтайшылары әкімшілік ресурстарды пайдалана отырып, мұғалімдерді мемлекеттік мектептерден жаңа ашылып жатқан жеке мектептерге ауысуға мәжбүрлеуде.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының басқа кәсіподақ ұйымдарындағы кәсіподақ мүшелерінің жалпы санының қысқаруы жұмыс жасайтындардың санының азаюына, әкімшілік-аумақтық бірліктен тысқары көшіп кетуіне, шағын жинақты мектептердің жабылуына және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын коммерцияландыру процесіне байланысты болып отыр.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына сәйкес, республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларында 1920 мектепке дейінгі білім беру ұйымы, 749 жалпы орта білім беру ұйымы және барлық меншік нысанындағы 147 ТЖКБ ұйымдары бар.

Жоғары оқу орындарын қоспағанда, республикалық маңызы бар қалалардағы барлық меншік нысанындағы білім беру ұйымдарының саны:

- Астана – 626;
- Алматы – 1314;
- Шымкент – 875.

Статистикалық есептерге сәйкес республикалық маңызы бар қалаларда кәсіподақ ұйымы бар саладағы кәсіпорындар мен ұйымдардың саны:

- Астана қаласының кәсіподақ ұйымы – **230 (кәсіпорындардың жалпы санының 36,7% құрайды);**

- Алматы қалалық «Ұстаз» жергілікті кәсіподағы - **455** (кәсіпорындардың жалпы санының **34,6%** құрайды);
- Алматы қалалық кәсіподақ ұйымы – **16** (кәсіпорындардың жалпы санының **0,01%** құрайды);
- Шымкент қалалық кәсіподақ ұйымы – **96** (кәсіпорындардың жалпы санының **11%** құрайды).

Астана, Алматы және Шымкент қалаларының кәсіподақ ұйымдары қызметкерлерді мүшелікке тарту бойынша ұйымдастырушылық нығайту мен ынталандыру жұмыстарына талдау жүргізіп, мүшелік базаны нығайту және бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру жөніндегі жұмыстарды жандандыру қажеттігін атап өту қажет.

Салалық кәсіподақтың есебінде 17 жұмыс жасамайтын зейнеткер бар, бұл алдыңғы есептік кезеңмен салыстырғанда 9 адамға кем.

Жұмыс жасамайтын зейнеткерлер Жамбыл мен Қарағанды облыстық ұйымдарының кәсіподақ ұйымдарына тиесілі.

2023 жылға бастауыш кәсіподақ ұйымдарының саны 8 374-ті құрайды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 646 бастауыш ұйымға кем.

Мүшелік ұйымдардың аппарат қызметкерлерінің жалпы саны – 583 адамды құрайды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 32 қызметкерге кем.

Жалпы барлық мүшелік ұйымдар есептілікке толыққанды, мазмұнды ақпарат ұсынды. Кейбір мүшелік ұйымдарда ақпаратты салыстыру анализі болған жоқ. Онда жалпы жұмыстың нақты жағдайының көрсетілмеуіне орай, динамика жағдайында объективті түрде бағалау мүмкіндігі болмады.

Кәсіподақтық оқытудан барлығы 72 042 адам өтті, дегенмен бұл 2022 жылмен салыстырғанда 39 287 адамға кем: бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары – 11 474, кәсіподақ активі – 17 503, бақылау-тексеру комиссия мүшелері – 10 767 және кәсіподақ мүшелері – 32 298.

Кәсіподақтық оқытудың үлес санының азаюы Салалық кәсіподақ құрамынан Қостанай облысының білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымының, Ұлытау облыстық кәсіподақ ұйымының шығуына байланысты. Жоғарыда аты аталған облыстық ұйымдарда кәсіподақтық оқытудан өткен адамдардың жалпы саны 32 645 адамды құрайды.

Сонымен қатар, 2022 жылмен салыстырғанда кәсіподақтық оқытудан өткен адамдар санының неғұрлым азаюы Астана қаласының кәсіподақ ұйымында (6 596 адамға азайды), Батыс Қазақстан (1 839 адамға азайды), Павлодар (833 адамға азайды) облыстық ұйымдарында байқалды.

**Кәсіподақтың Орталық Комтеті аппаратының
ұйымдастыру жұмыстары бөлімі**